



Тәжібаева С.А.

**Э. ХЭМИНГУЭЙДІҢ «ҚОШ
БОЛ, МАЙДАН!»
РОМАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ
АУДАРЫЛУЫНДАҒЫ КЕЙБІР
ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

*В данной статье рассматриваются
некоторые особенности перевода на
казахский язык романа Э.Хэмингуэя
«Прощай, оружие!»*

*Some peculiarities of translation into the
Kazakh language the novel of E.
Hemingway "Farewell the arms" are
considered in this article.*

Соңғы жылдары тіл білімінде қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыстығы жоқ тілдермен салыстыра-салғастыра зерттеу мәселесі кенінен өріс алып келеді.

XX ғасырдың соңғы жылдары дами бастаған тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі "адам-тіл-мәдениет" және "адам-тіл-ойлау" үштігіне сүйенетін гуманитарлық зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Бұған дейінгі салыстырмалы-салғастырмалы түрде жүргізілген зерттеу жұмыстары құрылымдық-мағыналық бағытта ғана қарастырылып келсе, бүгінгі таңда антропоцентристік бағыттағы уақыт көшінде әр түрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеу ерекше қызығушылық танытуда. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Осындай зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік тұрғыдан жиі қарастырылып, тал-данатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәде-ниетімен, рухани қазынасымен, яғни дүние-танымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Құрылымы әр түрлі тілдерді салыстыра зерттеудің маңыздылығына ең алғаш-қылардың бірі болып академик Н.Л. Марр терең мән берген. Осы пікірді қолдап, әрі қарай дамытқан Л.В.Щерба, И.И.Мещанинов, В.В. Виноградов, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, А.Д.Райхштейн, С.Е.Исабеков, З.Қ.Ахметжанова, А.Ислам т.б.ғалым-лингвистер өз еңбектерінде салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулердің тіл білімінде алатын орны зор екендігін айқындап берді. Біздің елімізде қазақ тілі мен орыс тілін салғастыра зерттеуге арналған еңбектер құрылымы әр түрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеудің үлгісі болды. Осы қағидадан бастау алған қазақ тілін тек орыс тілімен ғана емес, сонымен қатар басқа да алыс және жақын шетел тілдерімен салыстыра-салғастыра зерттеу-ғалымдардың назарын өзіне аударып отырған көкейкесті мәселелердің бірі. Осындай зерттеулер - ана тіліміздің



қолданылу аясын кеңейтіп, мемлекеттік тіл ретінде статусы мерейінің үстем болуына әсер ететіні сөзсіз [1.3].

Аударма өнері – көркем шығармашылықтың түрі және аудармашы да бақылағыштық, шығармашылық фантазия, интуиция, азаматтық өмірбаян, сара парасат, шеберлік, шабыт сияқты ерекшеліктер аудармашыға да тән. Сонымен қатар осы сипат, яғни аудармашы даралығы жазышы-аудармашы-оқырман арасындағы байланыстың салтанат құруынан бастау алады. Түпнұсқаны – көркем шындық, аударма нұсқаны – сол көркем шындықтың екінші рет бейнеленуі деп қарауымыз негізінде аудармашының шығармашылық даралығы айқындала, оның өзіндік қыр-сыры ашыла түседі.

М.Әуезов аударма мәдениеті туралы: «Аударма мәдениеті үздіксіз өсіп келеді. Сонымен бірге қазіргі бар аудармалардың өзін де маңызын елемей, оны «мәртебелі ғылымның» назар аудармауына арзымайтын нәрс деп кемсітуге болмайды. Ондай пікірден қауіпті қорытынды шығып кетуі мүмкін. Аудару арқылы, тұтас алғанда, түпнұсқаның бар қасиетін беруге болмайды деу, сөйтіп, әдебиет жайындағы ғылым үшін аударманың маңызын жоққа шығару – түпнұсқаның тілін екінші тілде бейнелеуге келмейтін әлдеқандай бір құпия жазу деп бағалағандық болар еді» [2], -деген екен.

Қай кезде де көркем аударманың теориясы мен тарихы оның проблематикасымен тығыз байланыста болады. Аударма теориясының дамуы белгілі бір проблемаларды күн тәртібіне қойса, керісінше, белгілі бір проблемалардың шешімін табуы теорияны ілгерілетеді, соған орай аударма тарихы да байи түседі. Қазақ көркем аудармасының зерттелуінде біраз мәселелер шешімін тапты десек те, назар аударуды қажет ететін тұстар да аз емес. Оның үстіне көркем өнер туындыларына қатысты әр заманның өз үні, өз талабы болатындығы көркем аудармадан да тысқары емес. Бұл жәйт аударма өнері төңірегіндегі толғағы жеткен қиын түйіндерді ғылыми тұрғыдан шешуге бастаумен қатар, кейбір мәселелерге жаңаша, уақыт талабына сай жауап беруді қажет етуде. Осыған орай қазір қазақ аударма өнерін зерттеудің жай-жапсарына ойлана көңіл бөлсек, прозалық шығармалардың аударылуына байланысты біраз мәселелердің де бой көрсететінін аңғарамыз. Бізде проза аудармасындағы үлгі, дәстүр поэзиядағыдай әріден басталған емес. Бұлар қазақ әдебиетіндегі аударма өнерін, аудармашы еңбегін жан-жақты сөз етуге мүмкіндік береді. Бірақ біз мұны істей алмай келеміз. Тәжірибені қорыту жағы жетіспейді. Аудармашыларымыз өздерінің ауыр да абыройлы еңбектерін неден бастайды, немен аяқтайды, неден қашады, нені қабылдайды, нені тірек етеді, тілі, синтаксисі олардың қолданылатын стилі, қандай болу керек деген сауалдарға айқын жауап болмай жүр» [3.29].

Осыған орай аудармашы Қ.Қараманұлының қаламы арқылы қазақ оқырманына жеткен Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романының аудармасын қарастырғанды жөн көрдік. Эрнест Хемингуэй шығармаларының сюжеті шытырман болып келетінін байқаймыз, сонымен қатар осы шығармалардан адамға деген махаббатты көреміз. Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романында келтірілген кейбір үзінділердің өзі жазушы даралығы мен көркем шығарма байланысының қыры мен сыры көптігін танытқандай. Ал осы үзінділердің қазақ тіліне аударылған нұсқасын көрсек, тәржімашы қуатынан да мағлұмат ала аламыз.

Э. Хемингуэй сөйлемінің құрылысы кейде өзгеріп, түпнұсқадағы құрмалас сөйлемдер қазақша нұсқада жай сөйлем түрінде берілсе де, «и когда просыпались, то просыпались оба, и одиночества не возникало» деген сөйлемдегі «не возникало» сөзінің түбіріне қарай «пайда болмады, тумалды» демей «жолыға қоймадық» толығырақ айтқанда «жалғыздық сезіміне жолыға қоймадық» деп, немесе «Снег падал косо по ветру, голая земля скрылась под ним» деген сөйлемдегі «голая земля» сөзін «жалаңаш, тақыр, жалаң, ашық жер» демей «қара жер» деп алса да жазушы суреттеген көркем шындыққа нұқсан келмеген. Аударма теориясына қатысты кейбір еңбектерде түпнұсқа дәлдігі қатан сақталуы қажет, оның сөйлем құрылысы өзгермеуі тиіс, бір сөзді алып тастауға да, бір сөзді қосуға да болмайды деген пікір айтылып жүрсе де, біз көркемдікті аша түсетін, түпнұсқа айшығын әрлей түсетін өзгерістерден қашуға да болмас деген ойдамыз. Қалай десек те бізге қажеттісі Э.Хемингуэй жазған көркем бейненің, сөзбен салынған суреттің өз бояуында қазақшаланғаны. Бұл жерде әдеби процестегі тағы бір қажетті желі: жазушы мен тәржімашы, тәржімашы мен оқырман арасындағы байланыс та көрініс береді.

«Gray motor-trucks that carried men – Ехали серые грузовики, в которых сидели солдаты – Солдаттар мінген сұрғылт жүк машиналары». *Солдаттар* деп неге аударылған? Түпнұсқада *солдаттар* деп емес, *men – ер адамдар, жас адамдар* деп берілген. Түпнұсқада *солдаттар* мағынасын *soldiers–солдаты* сөзімен жеткізген. Мәселен, «The door was open, there was a *soldier* sitting on a bench outside in the sun – Дверь была открыта, на скамейке у стены сидит на солнце *soldat* – Есік ашық



жатыр, үй іргесіндегі сәкіде шуақта *солдат* отыр». Сонымен қатар, түпнұсқадағы *troops-отряд* сөзін де орыс, қазақ тілдеріне *солдаттар* деп аударған. Мәселен, «The *troops* were muddy and wet in their capes – *Солдаты* шли грязные и мокрые в своих плащах – Плащтарына оранған *солдаттар* балшыққа былғанып, жаурап, сылбыр қадам басады». Мұнда тіпті, орыс тіліндегі нұсқада «*шли*» және қазақ тіліндегі нұсқада «*сылбыр қадам басады, жаурап*» деп көрсетілген сөздер ағылшын тіліндегі түпнұсқада берілмеген. «*Солдат*» сөзін қазақ тіліне «*сарбаз* немесе *жауынгер*» деп аударуға болады. Түпнұсқадағы «*теп*» сөзі орысша және қазақша нұсқаларында бірде «*солдаттар*», бірде «*ер адамдар, жас адамдар*» түрінде қолданылса, «*troops-отряд*» сөзі де «*солдаттар*» деп аударылған. Біз бұл жерде тәржімашы «*теп*», «*солдаттар*», «*ер адамдар, жас адамдар*» немесе «*troops-отряд*» сөздерінің мағынасын білмеді, орыс тіліндегі бір сөздің дұрыс баламасын таба алмайды екен деген ойдан аулақпыз, мұның өзі аудармашының неміскеттілігінің көрінісі екенін айтпақпыз [4].

Қ.Қараманұлы аудармашылығына тән ерекшеліктердің біріне айналатын, түпнұсқада болмаса да қажетті тұста автор үніне үн қосқандай етіп, тұрақты сөз тіркестерін, теңеулерді, қос сөздерді ұтымды қолдануы көрініс береді. Мәселен:

«*Beautiful young girls – Очаровательные молодые девушки – Балдай тәтті бойжеткендер*».

«*The forest had been green in summer when we had come into the town – Этот лес был зеленый летом, когда мы пришли в город – Жазда, қалаға кірген кезімізде, бұл орман жас-жасыл боп жайқалып тұр еді*».

«*But now there were the stumps and broken trunks and the ground torn up – но теперь от него остались только пни и расцепленные стволы и земля была вся разворочена – Қазір бұдан құр томарлар мен дал-дұлы шыққан діңдер ғана қалды, жері де ойран-ботқа болды*».

Қай ұлттың болмасын, оның тілдік өзіне тән ерекшеліктері, әр түрлі бояулары, ырғақ нақыштары, түрленіс, құлпырыстары бар екені, оның көбіне-көп ұлттық ерекшеліктермен байланыста болатындығы белгілі. Бұл әңгімелеп отырған «Қош бол, майдан!» романына қатысты. Қ.Қараманұлының осы ерекшеліктерге айрықша назар аударып, үлкен мән бергенін байқаймыз. «*She was very impressed by the hotel and the splendor of the dining-room – На нее сильное впечатление произвел отель и великолепие ресторана – Ресторанның сән-салтанаты мен отель оған айрықша ұнады*», «*I went down the hall and then down the stairs and out the door of the hospital and down the dark street in the rain to the café – Я пошел по коридору, спустился по лестнице, вышел из подъезда больницы и под дождем по темной улице направился в кафе – Дәлізбен жүріп өтіп, баспалдақпен төмен түстім де, аурухана подъезінен шығып жаңбыр астында қараңғы көшемен кафеге қарай беттедім*» деген үзінділерде тәржімашы «*dining-room – ресторан*» сөзін «*ресторан*» деп, «*café - кафе*» сөзін «*кафе*» деп алады. Бұл тұста ол ағылшын, орыс тілдерінен қазақ тіліне «*dining-room – ресторан*» сөзін «*мейрамхана, тойхана*» емес «*ресторан*» деп, «*café - кафе*» сөзін «*дәмхана*» емес «*кафе*» деп аударылуын дұрыс ескерген. Міне осылайша көркем аударма өнеріндегі түпнұсқа табиғатын, ондағы суреттелген өмір бейнесінің шынайылығын терең сезіну мен сөз өрнегіндегі көркемдік арқаудың нәзіктік, әрі беріктік сырын тәржімашының терең ұғынуы, оның өз оқырманының тіліне деген құрметі мен сүйіспеншілігі бой көрсетеді. Белгілі сыншы М. Қаратаевтың «*Жақсы аударма басқа тілді жақсы білгеннен тумады, бейнелеген тіршілік қаракеттерінің тылсым сырын аудармашының терең білуінен туады*» [5.351] - деуі де біздің пікірімізді нығайта түседі.

Эрнест Хемингуэй портрет жасауда болсын, не мінездеу, не кейіпкерді іс-әрекет үстінде ашуда болсын, әйтеуір, өз кейіпкерін сомдағанда бейнелілікті бірте-бірте, там-тұмдап әрлей түседі. Кейіпкер әрекетіне сай оның бүкіл болмыс-бітімін біртіндеп ашумен қатар, кейіпкер портретіне қатысты да әр тұста керемет штрихтар жасап отырады. Шығарманың бас кейіпкері Кэтрин Баркли «*Miss Barkley was quite tall. She wore what seemed to me to be a nurse's uniform, was blonde and had a tawny skin and gray eyes. I thought she was very beautiful (42-б) – Мисс Баркли была довольно высокого роста. Она была в белом платье, которое я принял за форму сестры милосердия, блондинка с золотистой кожей и серыми глазами. Она показалась мне очень красивой (17-б) – Мисс Баркли бойшан еді. Үстіне ақ көйлек киген, - оны мен алғашқыда медициналық сестра формасы ма деп қалғанмын, - көздері сұрғылт, жалқын сары қыз болатын. Маған ол айрықша сұлу көрінді (19)*» бейнесіне қатысты шығарманың өне-бойында бірнеше тұста осылайша бөлініп, біртіндеп баяндалған сөзбен салынған суреттің тұтасуында қазақша нұсқаның кемшіліксіз шығуы Қ.Қараманұлының жазушы әдіс-тәсіліне мұқият зер салғанын көрсетеді.

Бүгінгі ғаламдастыру, жаһандандыру саясатының аясында ғылымдардың даму көкжиегін жаңа бағыттармен кеңейту, қайсыбір ғылым саласы болмасын, оны "адами факторлармен, адами



құндылықтармен" бірлікте қарастыру-адамзат өркениеті мен замана керуенінің алға тартып отырған кезекті талабы. Әлемдік қолданбалы және теориялық ғылымдардың ішіндегі негізгі қоғамдық, әлеуметтік коммуникацияның жетекші идеяларын жүзеге асыруда мақсат еткен тіл ғылымының қазіргі бағыт-бағдары ғасыр талабына толық жауап бере отырып, "адам-тіл-өркениет" үштігінің аясындағы тын міндеттердің шешілуін көздейді.

Еліміздің егемендік алуымен байланысты қоғамдық өмірімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер мен идеялогиялық ұстанымдар қоғамдық ғылымдар саласында да бұрыннан қалыптасып келген кейбір қағидаларды жаңаша ой елегінен өткізуді қажет етіп отырғаны белгілі. Қазақстан беделді халықаралық құрылымдар мен өзара қарым-қатынасты одан әрі дамытып, олармен ынтымақтастық ауқымын жылдан-жылға кеңейтіп келеді. Осы орайда әлемдік өркениеттегі бүкіл адамзатқа ортақ идеялар мен ортақ мүдделер, интеграциялық достастық іс-шаралары мен мемлекетаралық ынтымақтастық әрекеттері дамып отырған қоғамда еуропалық этностардың мәдениетінде, тілінде қалыптасқан ерекшеліктерді қазақстандық тіл білімінде қарастыру – бүгінгі заман талабы. Сондықтан да, қазіргі тіл біліміндегі өзара туыс және туыс емес тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің ұстанымдары мен әдістемелерін кең қолдана отырып зерттеу - отандық және шетелдік тіл біліміндегі ерекше дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі.

Көркем аударма шеберлігі мәселесі қазіргі әдеби процесте де көкейтесті мәселелердің бірі ретінде көрінуде. Мұны өмір заңдылығы деп тануымыз керек, өйткені көркем әдебиетке қатысты да әр заманның, әр кезеңнің өзіндік талабы, өзіндік үні болары, әдебиеттің, көркем аударма өнерінің дамуы күн тәртібіне жаңа проблемаларды қоятыны анық.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жалпы әлемдік мәдениетпен байланысында, әлем әдебиетінің құнды шығармаларын қазақ оқырманына жеткізуде орыс тілінің, орыс мәдениетінің үлкен рөл атқаратындығы даусыз. Соған орай, көркем шығармалардың орыс тілінен қазақ тіліне аударылуын әдебиеттану және тілтану ғылымдарының зерттеу әдістері мен бағыттарын ұштастыра отырып жүргізілген зерттеу жұмысымызда көркем прозадағы аударма шеберлігінің кей қырлары анықталады. Аудармашы Қ. Қараманұлының аударма өнеріндегі жетістігі мен олқылығы, табысы мен кемшілігі, оның аудармашылық шығармашылығы, ерекшелігі жалпы аударма өнері принциптерімен, әдеби процестегі көркемдік, стиль, ырғақ, ізденіс пен зерттеу мәселелерімен бірлікте қарастырылып, тұжырымдар жасалды.

Қорыта келе, Қ.Қараманұлы ана тіліміздің мүмкіндігінің молдығын, мөлдір айдынын, тоқсан түрлі толғауы мен иірімін жіті таныған, сөзді құбылтып, айшықтаудың әр алуан сырларын жан-жақты меңгерген, қазақ халқына Э. Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романын насихаттап, таратқан талант иесі екендігіне ешкімнің де құман тудырмасы анық екендігін түсінеміз.

Әдебиеттер:

- 1 Ағабекова Б. Н. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің ұлттық мәдени сипаты: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. - 143б.
- 2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы, 1962.
- 3 Чужакин А.П., Палажченко П.Р. Introduction to Interpreting XXI. – Москва: Р.Валент, 2004. – 224с.
- 4 Сайфутдинова А.С. Э. Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романының қазақ тіліне аударылуы (көркемдік, стиль, ырғақ): Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2009.
- 5 Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1970. 351б.